

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Ас үй заттар: Тәрелке

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- суреттегі тәрелкенің неге қажеттігін еске түсіреді;
- үш тілде қайталайды, дыбыстық талдау жасайды;
- суреттегі тәрелкенің қандай тәрелке екендігін анықтайды;
- тәрелке ішінде неше ою бейнеленгендігін болжайды, неге олай ойлайтындығын тұжырымдайды;
- тәрелкені бояуды неден бастайтындығын номерлейді;
- салыстырады, бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)
денсаулық (*қауіпсіздік*)

Білім алушы игеретін білік-дағды:

- суретке қарап анықтай алу дағдысы қалыптасады;
- үш тілде қайталау, жаттау, талдауды меңгереді;
- салыстыру, ерекшелігін анықтау дағдысын меңгереді;
- болжау, есептеу, тұжырымдау дағдысы игереді;
- жұмысты жоспарлау дағдысын қалыптастырады;
- салыстыру, бағалау дағдысын игереді.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)
Қай тәрелке неге қажеттігін анықтандар.
Оны суреттегі мен салыстырыңдар.



**АС ҮЙ ЗАТТАР – ТӘРЕЛКЕ
(кітапшамен жұмыс)**


1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған ас үй заттарының атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).

3. Қандай тәрелкелер бейнеленген? Суреттегі тәрелке қандай тағамға арналған.


4. Тәрелке ішінде қанша ою салуға болады деп ойлайсың? Ол үшін не істейсің? Барлығы қанша? $3+ =$

5. Бояу ретін номерле. Неге олай бояу қажеттігін түсіндір. 1, 2, 3, 4. Себебі:



Өздік жұмыс

6. Салыстыру. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.